Тек «Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтары» бөлімінде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптарды ғана емес, сондай-ақ басқа бөлімдерде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнаулы нұсқауларды да сақтау қажет.

1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні

Жабдыққа тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін нұсқар,
- айдап қотару ортасын беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы,

міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзиреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықтың сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Сақтаудың мейлінше жоғары тағайындалған мерзімі 2 жылды құрайды.

Сорғылық агрегатын сақтау барысында жұмыс дөңгелегін айына кем дегенде бір рет айналдыру керек.

Жабдықты 5-25 °C температуралы құрғақ үй-жайларда сақтау керек.

Жабдықтың жеке буындары мен бөлшектері кез-келген зақымданудан қорғанғышты беткі қабатын сақтау үшін, буылып-түйіледі.

Егер жабдық бір жылдан артық сақталатын болса, редуكتورлы майын алмастыру керек. Егер редуكتور ешқашан пайдаланылмағын жағдайда да майды айырбастауды жүргізу керек. Бұл минералды майлы майлаудың табиғи ескеруіне қажет.

Нұсқау

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мән



Ескерту
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келуі себебі болуы мүмкін.



Ескертпе
Дыбыстық қысым деңгейі арттырылған, есту органдарын қорғауға арналған сәйкес шараларды қабылдаңыз.

Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.

Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет


Атаулы құжат APG кескіш механизмді батырылған кәріз сорғылары үшін таратылады. APG сорғылары стационарлы, сонымен қатар тасымалды құрастыру үшін де жарамды. APG сорғылары бұзуға бейімделген қатты қосылымдарды ұсақ бөлшекті түрде құбыр бойымен кішкене диаметрде бұруға мүмкіндік болуы үшін кесетін ұсақтағыш механизмімен жабдықталған.

Құрылымы

Сорғылық агрегаттар мыналардан тұрады:

- сорғы корпусымен, ашық көпканалды жұмыс дөңгелегінен және сорып алатын келте құбырымен ұсынылатын гидравликалық бөлігінен;
- статор мен ротордан тұратын үш фазалы 2 полюсті электр қозғалтқышымен ұсынылған электр бөлігінен электр қозғалтқышында температура датчигі орнатылған;
- кескіш механизмінен.

APG сорғысының сызбасы (ұзына бойғы кесігі) 1-суретте келтірілген.




TM05 1633 3311

1-сур. APG сорғысының ұзына бойғы кесірі

Айқ.	Атауы
1	Көтеру қапсырмасы
2	Электр қозғалтқышының роторы
3	Электр қозғалтқышының статоры
4	Электр қозғалтқышының корпусы
5	Жұмыс дөңгелегі
6	Сору жағының қақпағы
7	Кескіш механизмінің басы
8	Кескіш механизмінің шығыршығы
9	Сорғы корпусы
10	1-қаптамасы
11	2-қаптамасы
12	Кабельді енгізілім

Фирмалық тақташасы



2-сур. APG сорғысының фирмалық тақташасы

Айқ.	Атауы
1	Типтік белгісі
2	Өнім нөмірі
3	Мейлінше жоғары қысым [м]
4	Мейлінше жоғары шығын [м³/сағ]
5	Айналым жиілігі [айн/мин]
6	Электр қозғалтқышы фазасының жиілігі

7	P_1/P_2 қуатының қатынасы [кВт]
8	«Үшбұрыш» сызбасы бойынша кернеу, қосылым
9	«Үшбұрыш» сызбасы бойынша ток, қосылым
10	Өндіріс күні [жыл/апта]
11	Жұмыс сұйықтығының мейлінше жоғары температурасы [°C]
12	Кабель есебінсіз сиымдылық [кг]
13	Орнату барысында батырудың мейлінше жоғары тереңдігі [м]
14	Қорғаныш дәрежесі
15	Жиілік [Гц]
16	Қорғаныш сыныбы
17	Қуат коэффициенті
18	«Жұлдыз» сызбасы бойынша ток, қосылым
19	«Жұлдыз» сызбасы бойынша кернеу, қосылым
20	Дайындаушы ел
21	Сәйкестік белгілері

Типтік белгілері

Мысал	AP	G	.50	.48	.3
Типтік қатар Grundfos көріз сорғылары					
Жұмыс дөңгелегінің типі G Сорудағы кескіш механизм					
Қысымды келте құбырдың номиналды диаметрі [мм]					
Біліктегі қуат, P_2 P_2 Типтік белгісіндегі код / 10 [кВт]					
Электр қозғалтқышы фазасының саны					

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.

Назар аударыңыз

Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.

Барлық қолданылатын жүк көтеру жабдықтары сәйкестік бағасынан өтуі тиіс, оны қолданар алдында зақымданулар болмауына тексеріп алу қажет. Жабдықтың рұқсат етілген жүк көтерімділігінен асатын жүктерді тасымалдауға болмайды.

Сорғы салмағы 14. Техникалық сипаттамалар тарауында көрсетілген.

Сорғыны көрсету барысында тек қана тасымалға арналған қапсырманы қолдану керек.

6. Қолданылу аясы

Grundfos өндірісінің APG сорғылары мына төмендегілерді аударып қотаруға арналған:

- ағын суларды;
- шламды, тұнбалы және т.б. суларды;
- топырақты суларды;
- мейрамханалар, қонақүйлер, кемпингтердің санитарлық тораптарынан шығатын тұрмыстық ағын суларды.

Жиынтықты құрылым сорғының стационарлы, сонымен қатар тасымалды құрастырылуына жарамды етеді. Сорғылар шығыршықты негізде немесе автоматты құбырлық муфтада құрастырыла алады.

7. Қолданылу қағидаты

APG серияларының сорғыларының жұмыс қағидаты қысымға сорып алатын келте құбырдан шығысқа жылжыған сұйықтық қысымын арттыруға негізделген. Қысымды арттыру айналмалы жұмыс дөңгелегі арқылы сұйықтыққа тікелей сорғы білігімен араластырылған электр қозғалтқышының білігінен механикалық энергия берілісі жолымен өтеді. Сұйықтық кірістен жұмыс дөңгелегінің орталығына ағады және ары қарай қалақша түбіне ағады. Сыртқа тебуші күштер әсерінен сұйықтық артады, сәйкесінше шығыс келте құбырында қысым түзетін кинетикалық энергия көбейеді. Шиыршық камера жұмыс дөңгелегінен сұйықтық жинау және шығыс келте құбырына оның бағытталуы үшін арналған. APG сорғыларының құрылымында қарастырылған кескіш механизм қатты бөлшектерді ұсақтайды.

8. Құрастыру

Сорғымен қоса салынған қосымша фирмалық тақташа оның құрастыру орнына бекітілуі тиіс.

Құрастыруды бастар алдында майлы камерада май деңгейін тексеру керек.

8.1 Автоматты құбырлық муфтада құрастыру

Стационарлы орнатылым барысында сорғылар стационарлы автоматты құбырлық муфтада құрастырылады және аударып қотару сұйықтығына толық немесе ішінара батыру барысында пайдаланылады.

Жұмыстың орындалу тәртібі:

1. Сұйыққойманың ішкі жиегінде құбырлық бағыттағыштарға арналған тіреуіш бекітілімінің астында саңылау бұрғылап тесу керек. Тіреуіштерді екі көмекші бұрандамен алдын ала белгілеп алу керек.
2. Автоматты құбырлық муфтаның негізін сұйыққойма түбіне орнату. Тіктеуіш көмегімен дұрыс айқындамасын табу. Кернегішті бұранданың көмегімен автоматты құбырлық негізін бекіту. Егер сұйықтық түбінің беті тегіс болмаса, автоматты муфтаның астына сәйкес тіреуіштерінің бұранданы тарту барысында оның көлденең күйін сақтайтындай етіп орнату керек.
3. Қысымды жұбыр жетегінің құрастыруын ішкі кернеуді туындатпай орындау.
4. Автоматты муфта негізіне құбырлық бағыттағыштарды орнату және сұйыққойманың жоғарғы бөлігіне бағытталған тіреуіш бойынша олардың ұзындығын дәл түзету.
5. Алдын ала бекітілген тіреуіш бағыттағышын бұрап босату және оны жоғарғы бағыттағыштарға бекіту. Тіреуішті сұйыққойма қабырғасына бекіту.

Назар
аударыңыз

Бағыттағыштардың осьтік иірмегі болмауы керек, әйтпесе сорғының жұмыс барысында шуыл туындауы мүмкін.

6. ОСұйыққойма/құдыққа сорғыны түсірер алдында оны тастан, қиыршық тастан, сынықтар және т.б. тазарту.

7. Сорғының қысымды саңылауында жартылай муфтаны құрастыру. Осы жартылай муфтаның бағыттағыш бөренесін құбырлық бағыттағыштар арасына орнату және шынжыр көмегімен сұйыққоймаға сорғыны түсіру. Сорғы автоматтық құбырлық муфтаның төменгі бөлігіне жеткен уақытта осы муфтамен автоматты герметикалық қосылым болады.
8. Шынжырды сұйыққойманың жоғарғы бөлігіндегі сәйкес ілмекке бекіту.
9. Пайдалану барысында кабеьді зақымдап алмайтындай етіп оны түсіру керек-жарағына (кабель керілісін болдырмайтын) орауға электр қозғалтқышының кабелінің ұзындығын үйлестіру. Механикалық кернеудің кабелін жеңілдетуге арналған керек-жарақты сұйыққойманың жоғарғы бөлігіндегі сәйкес ілмекке бекіту. Кабель қатты бүгілмеуі немесе қысылмауы керек.

Назар
аударыңыз

Кабель бойымен электр қозғалтқышына су кірмеуі үшін, кабельдің ұшы суға батырылмауы тиіс.

8.2 Шығыршықты негізде құрастыру

APG сорғылары арнайы тіреумен жабдықталады. Сорғының қысымды келте құбырында 90° қа бұруды орнату. Сорғылар құбыршектен немесе құбырмен және тетікпен құрастырылуы мүмкін.

Сорғының техникалық қызметін жеңілдету үшін, қысымды жұбыр жетегінде бұрандалы қосылым немесе иілгіш муфтаны орнату керек.

Құбыршегін қолдану барысында оның түр өзгерісін болдырмайтын жағдайларын қамтамасыз ету керек, ал иілгіш түтік немесе құбыршектің ішкі диаметрі сорғының қысымды келте құбырының көлеміне сай болу керек.

Құбыр жетегін қолдану барысында сорғыдан бастап келесі тәртіпте орнату керек: қысымды қосылым және қажетті фитингілер, кері клапан, ысырма.

Сорғыны сұйықтыққа түсіру.

Егер сорғы тұнбалы немесе тегіс емес бетке орнатылатын болса, оны кірпішке қондырыңыз.

8.3 Сұйықтық деңгейін бақылауға арналған басқару шкафы

APG сорғыларына деңгейді бақылауға арналған басқару шкафы керек-жарақ ретінде жеткізіледі: бір сорғылы қондырмаға арналған LC 108, екі сорғылы қондырмаға арналған LCD 108. Деңгей релесі (қалқымалы ажыратқыштар) жеке алынады. LC 108 үшін екі реле қолданылады, LCD 108 - деңгейдің үш релесі.

Авариялық толып кетудің авариялық сигналының берілісі үшін, деңгейдің қосымша релесі қолданылады. Егер кеңейтілген функциялы басқару шкафы талап етілетін болса (3 және одан артық сорғылар, АВР-мен электр қорегін қосарлы енгізу, қалқымалы іске қосылым, жиілікті түрлендіргіш, деңгейдің ұқсас датчигінің және т.б. қосылымы.), Control DC басқару шкафы қолданылады.

Деңгей релесін құрастыру барысында келесілерді сақтау керек:

1. Сорғымен ауаны сору дірілді болдырмау үшін, тоқтатудың деңгей релесі сорғының сұйықтық деңгейі сияқты сорғы корпусының жоғарғы шетінен төмен түскеніне дейін тоқтайтындай етіп реттелуі керек;
2. Іске қосатын деңгей релесін сорғы айдап қотару сұйықтығының талап етілген деңгейіне жетуінде, яғни осы деңгей сұйыққойманың кіргізу құбыр жетегінің төменгі деңгейіне қалай жетуінде қосылатындай етіп орнату керек.
3. Авариялық реле сұйыққоймаға келетін кіргізу құбыр жетегіне сұйықтық жеткенге дейін сигнализация үнемі қосылатындай етіп, сол қосылатыннан шамамен 10 см жоғары орнату керек.

Назар
аударыңыз

Деңгей датчигінің дұрыс орнатылымы мен бекітілуіне көз жеткізу және деңгей датчигінің әрбір баптауынан кейін, сорғының сынақтық іске қосылымын орындау керек.

9. Электр жабдықты қосу



Ескертпе
Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.

Жұмыс кернеуі мен жиілігі фирмалық тақташада көрсетілген.

Кернеу тербелісінің шегі фирмалық тақташада көрсетілген мәннен $\pm 5\%$ шамасында болуы керек. Электр қозғалтқыштарының сипаттамалары электр қорегін құрастыру орнында қолданылатын параметрлерге сәйкестігіне көз жеткізу керек.


Назар аударыңыз

9.1 Электр қозғалтқышын қорғау

Барлық сорғылар еркін ұшымен 10 м ұзындықтағы желілік кабелімен жеткізіледі. Басқару блогынсыз жеткізілетін үш фазалы электр қозғалтқышының барлық сорғылары электр қозғалтқышының жеке қорғаныш автоматына жалғануы керек.

APG сорғылары «жұлдыз-үшбұрыш» әдісімен іске қосуға бапталған, яғни электр қозғалтқышының екі ұшы да электр қозғалтқышының кабелі арқылы қолжетімді. 3-сур. қар.

- T1 және T3 статор орамында температура датчиктерінің жиынтығымен қосылған;
- S1 және S2 майлы камерада ылғалдылық датчигімен қосылған.



3-сур. Электрлі қосылым сызбасы, датчиктер

TM05 2157 4511

9.2 Термоажыратқыштар

Барлық сорғылар статор орамында кіріктірілген термоажыратқыштар жиынтығымен жабдықталған. 3-суреттегі T1-T3 термоажыратқыштары орамның тізбегін шамамен 150 °C температурасы барысында үзеді.

500 В өзгермелі ток пен 0,6 қуатының коэффициенті барысында 0,5 А термоажыратқыштардың мейлінше жоғары жұмыс тогы.

Термоажыратқыштар қорек тізбегіндегі түйісулерді ажыратуы қажет.

Термоажыратқыштар басқару шкафы арқылы сорғыны автоматты қайта іске қосуын орындай алады (тізбек орамның суығанынан кейін тұйықталады).


9.3 Термисторлар

Термисторлар опция ретінде жеткізіледі. Термисторлар термоажыратқыштар орнына статор температурасын бақылауға арналған электр қозғалтқышының қорғаныш құрылғысы ретінде қолданылады және басқару шкафындағы термисторлық релеге қосылуы керек.

9.4 Ылғалдылық датчиктері

Сорғылар электр қозғалтқышы мен сорғы корпусының арасындағы майлы камерада ылғалдылық датчигімен жабдықталған. Датчик өзімен майлы камерада жол берілетін су құрамының артуы барысында тізбекті тұйықтайтын екі электродты танытады.

Ылғалдылық датчигінен сигнал алу үшін, RM4LG01M релесі қолданылады. Control DC басқару шкафының сорғысына тапсырыс басында шкафа ылғалдылық датчигі үшін реле болуына ескерту керек. Сонымен қатар релені жеке алуға болады, бұйым нөмірі 00ID7611 (жеке корпуста) немесе 91076139 (корпуссыз, басқару шкафының ішін құрастыруға арналған). Аса нақты ақпаратты реле өндірушісінің құжатнамасынан қар.



4-сур. Ылғалдылық релесін жалғау

10. Пайдалануға енгізу

Барлық бұйымдар дайындаушы зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді.

Жабдықты іске қосу үшін, «Грундфос» ЖАҚ сервистік орталығына жүгінуді ұсынамыз. Ұзақ уақыт бойы сақтағаннан кейін (екі жылдан астам), сорғылық агрегатының күйіне диагностиканы орындау керек және тек осыдан кейін ғана оны пайдалануға енгізуді жүргізу керек. Сорғының жұмыс дөңгелегінің еркін айналатындығына көз жеткізу керек. Бүйірлік тығыздағыш, тығыздағышты дөңгелек және кабельді енгізілім күйіне басты назар аудару керек.

APG сорғыларын пайдалануға енгізуге арналған операциялар орындалымының тәртібі:

1. Майлы камерадағы май деңгейін тексеру.
2. Сақтандырғыштарды суырып алу. Сорғының жұмыс дөңгелегінің еркін айналымын тексеру.
3. Бақылау-өлшеу аспаптарының, егер олар бар болса, лайықты атқарылымын тексеру.
4. Жүйенің айдап қотару сұйықтығына толтырылғандығын және одан ауаның шығарылғандығын тексеру.
5. Сорғы толығымен жұмыс сұйықтығына батырылуы керек.
6. Барлық ысырмаларды ашу.
7. Деңгей релесінің орнатылымын тексеру.
8. Сорғыны іске қосу.

Нұсқау

Айналым бағытын тексеру үшін, сорғыны жұмыс сұйықтығына батырмай, бірнеше секундқа қосуға болады.

10.1 Электр қозғалтқышының айналым бағыты

Үш фазалы электр қозғалтқышты сорғыны іске қосар алдында айналым бағытын тексеруді орындау керек. Қозғалтқышқа жоғарыдан қарағанда, дұрыс айналым сағат тілі бойымен болып табылады. Сорғының оқыс қозғалуын жұмыс дөңгелегінің қарама қарсы айналым бағытының қосылымынан кейін бағыттау. Егер айналым бағыты дұрыс болмаса, қорек кабелінің кез-келген екі фазасының орнын алмастыру керек.

Айналым бағытын тексеру

Электр қозғалтқышының айналым бағытын сорғы жаңа орынға орнатылған уақытта үнемі тексеріп отыру керек.

Айналым бағыты келесі жолмен тексеріледі:

1. Сорғыны қосу және көлемді беріліс немесе қысымды өлшеу.
2. Сорғыны ажырату және электр қозғалтқышының екі фазасының жалғанымының орындарын алмастыру.
3. Сорғыны қосу және көлемді беріліс немесе қысымды өлшеу.
4. Сорғыны ажырату.
5. 1 және 3 бөлімдерде алынған өлшемдер нәтижелерін салыстыру. Ауқымды беріліс немесе қысымның аса жоғары мәні алынуы барысындағы айналым бағыты дұрыс деп есептеледі.

TM05 2304 4811

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.

Сорғы жабық ысырмамен жұмыс істемеу керек. Бұл сорғыда температураның көтерілуі мен будың түзілуін туындатады. Бұл біліктің зақымдануына, жұмыс деңгелегінің сынуына, мойынтіректердің, нығыздағыш шығыршықты тығыздамалардың немесе біліктің бүйірлік нығыздағыштарының кернеу немесе дірілдеу салдарынан жұмыс атқару қорының қысқаруына әкеліп соғуы мүмкін.

Назар аударыңыз

pH параметрлері

стационарлы қондырғыдағы APG сорғылары 4-тен 10-ға дейінгі pH деңгейіндегі сұйықтықтарды айдап қотара алады.

Құрастыру барысындағы батыру төреңдігі:

Сұйықтық деңгейінен 20 метр мейлінше төмен.

Айдап қотару сұйықтығының деңгейі

Сорғыны ажыратудың мейлінше төмен деңгейі сорғының корпусынан үнемі жоғару болуы керек.

Назар аударыңыз

Сорғылар тек пайдаланудың қайталау-қысқамерзімді режиміне арналған.

Бұйым баптауды талап етпейді.

12. Техникалық қызмет көрсету



Ескертпе
Техникалық қызмет көрсетуді бастар алдында электр қорегінің желілік ажыратылғандығына көз жеткізу керек. Электр қорегінің кездейсоқ қосылып кету қаупін болдырмау керек.



Ескертпе
Барлық айналатын буындар мен бөлшектер қозғалмайтындығына көз жеткізіңіз.

Қарау және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс бастар алдында сорғыны таза сумен жуу керек. Бөлшектенгеннен кейін, сорғы бөлшектерін таза сумен жуыңыз.



Ескертпе
Майлы камераның бақылау бұрандалы тығынының өлсізденуі барысында камерада қысым артатындығын ескеру керек. Еш бір жағдайда қысым толық басылғанға дейін бұрандалы тығынды толығымен бұрамау.

Пайдаланудың қалыпты режимі барысында сорғыны кем дегенде жылына бір рет тексеріп отыру керек. Айдап қотару сұйықтығында қатты заттардың жоғары құрамында немесе құмның үлкен концентрациясында сорғыны тексеріп отыруды жиі орындап отыру керек.

Жаңа сорғыларда немесе, сәйкесінше, білік тығыздағышын алмастырғаннан кейін, май деңгейін тексеру керек.

Сорғының ұзақмерзімді жаңылыссыз пайдаланымы үшін келесілерді тексеру керек:

1. Тұтынылатын қуат.

2. Май деңгейі және күйі.

Егер майға су түсетін болса, онда ол сұр реңкті сүт түсіне ие болады. Майда судың болу себебі білік тығыздағышының зақымдануы болып табылады. Пайдаланудың 3000 сағаты өткеннен кейін, майын алмастыру керек. Shell ondina 15 майын немесе ұқсас типтегі майды қолданған жөн. Майлы камераға құюға арналған майдың бағдарлау көлемі – 2 литр.

Нұсқау

Қолданыста болған майды жинап алып, жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жою керек.


3. Кабельді енгізілім.
Кабельді енгізілім су түсіп кетуінен герметикалық оқшаулануын, ал кабельдің сынықтары мен қысылып қалмауын бақылау қажет.
4. Сорғы бөлшектері.
Жұмыс деңгелегінің, сорғы корпусының, жарықтық тығыздағышының және т.б. тозу іздерінің болуын тексеру. Ақаулы компоненттерін алмастыру.
5. Шарлы мойынтіректер.
Біліктің шуылсыз бір қалыпты айналымын тексеру (оны қолмен жайлап бұрау). Ақаулы шарлы мойынтіректерін алмастыру. Сорғының күрделі жөндеуі әдетте мойынтіректер зақымданғанының табылуы барысында немесе электр қозғалтқышының жұмысындағы іркілістерде қажет. Мұндай жұмыстар дайындаушының күшімен немесе сертификатталған сервистік шеберханамен орындалуы керек.

12.1 Кескіш басын алмастыру

Кескіш басын шешіп алу.

Кескіш басын келесі жолмен бекіту:

1. Кескіш басына (23) бағыттағыш өзегін (560) бітеу.
2. Жұмыс деңгелегіне (230) бағыттағыш өзегімен кескіш басын орнату. Бұранданы (900.1) орнату және тарту.
3. Сорып алу жағындағы қақпағында (162) бұрандалы штифттерді (904) орнату.
4. Сорып алу жағындағы қақпағында шығыршықты тығыздағышты (412.01) орнату.
5. Сорғы корпусына (101) қақпақты оның жұмыс деңгелегіне тығыз жанасатындай етіп қағып кіргізу керек. Кіру келте құбыры арқылы тексеру.
6. Барлық бұрандалы штифттерді (904) олардың сорғы корпусына (101) жанасатындай етіп тарту.
7. Барлық бұрандалы штифттерді ширек айналымға бұрау керек.
8. Қақпақты бұрандамен (914.01) бекіту.
9. Кескіш шығыршығын (50) қақпаққа орнату.
10. Бұрандаларды (900.02) орнату және тарту.



TM01 7812 4899

5-сур. Құрама сызу

Айқ.	Атауы
23	Кескіш басы
50	Кескіш шығыршығы
101	Сорғы корпусы
162	Сору жағының қақпағы
230	Жұмыс дөңгелегі
560	Бағыттағыш өзек
412.01	Шығыршықты тығыздағыш
900.01	Бұранда
900.02	Бұранда
904	Кескіш штифт
914.01	Бұранда

Техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтық:

APG сорғыларына қызмет көрсетуге арналған жиынтық мына төмендегілерден тұрады: 1 жиынтық пышағынан, шығыршықты тығыздағышының 1 жиынтығынан; білік тығыздағышының 1 жиынтығынан, кабельді енгізілімінің 1 жиынтығынан.

Май

1 литр май, Shel Ondina 15 типі.

Ластанған сорғылар

Назар аударыңыз

Егер сорғы денсаулыққа қауіпті немесе улы сұйықтықтарды айдап қотару үшін қолданылған болса, онда мұндай сорғы ластанған ретінде қарастырылады.

Мұндай жағдайда техникалық қызмет етуге әрбір тапсырыс беру барысында айдап қотару сұйықтығы туралы нақты ақпаратты ертерек ұсыну керек.

Егер мұндай ақпарат берілмеген болса, Grundfos фирмасы техникалық қызмет көрсетуден бас тарта алады.

Сорғыны жөнелтуге қатысты барлық шығындарды жөнелтуші көтереді.

13. Істен шығару

APG типіндегі сорғыны пайдаланудан шығару үшін, ауыстырып қосқышын «Ажыратылған» күйіне қою қажет.

Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электр желілері үнемі кернеу астында болады. Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсатсыз іске қосылуының алды алу үшін, желілік ажыратқышты блоктап қою керек.

14. Техникалық сипаттамалар

Материалдар

Сорғы корпусы	Шойын EN-JL1040 ASTM 35 B
Жұмыс дөңгелегі	Шойын EN-JL1040 ASTM 35 B

Құрастыру

Орнатылымының мейлінше жоғары тереңдігі	20 м
Құрастыру	Тік
Сағатына іске қосылымның мейлінше жоғары саны	15

Сұйықтық

Жұмыс сұйықтығы	Су
Сұйықтық температурасының диапазоны	0 °C-ден +40 °C дейін
Тығыздығы	998,2 кг/м³
Кинетикалық тұтқырлық	1 мм²/с

Электр жабдықтарының деректері

Өнеркәсіптік жиілік	50 Гц
Номиналды жылдамдық	2900 айн/мин
Қорғаныш дәрежесі	IP68
Оқшаулау сыныбы	H
Кабель ұзындығы	10 м

Басқасы

Дыбыстық қысым деңгейі	От 60 до 110 дБ(А)
------------------------	--------------------



Ескертпе

Орнатылу типіне байланысты сорғының дыбыстық қысым деңгейі 70 дБ(А) болуы тиіс. Пайдаланылатын қондырмаға жақын жұмыс барысында есту қорғаныштарын қолдану керек.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою



Ескертпе

Ақаулықтарды іздеуді бастар алдында желіден қоректі ажыратып, барлық қозғалмалы бөлшектерінің айналмайтындығына көз жеткізу керек. Электр қорегінің кездейсоқ қосылу мүмкіндігін болдырмау керек.

Ақаулық	Себеп	Мүмкін болатын әрекет
1. Электр қозғалтқышы іске қосылмайды. Сақтандырғыштар қызып кетеді немесе электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы маяу жұмыс істейді. Сақтандыру: Қайта іске қосуға тырыспау керек!	a) Электр қорегінің ақаулығы; қысқа тұйықталу; кабельден жерге ағу немесе электр қозғалтқышына оралу.	Электр қозғалтқышы мен кабельді білікті электр маманына тексеруге беру керек.
	b) Сақтандырғыштар күйіп кеткен (ол тип емес).	Тиісті типтегі сақтандырғыштарды орнату.
	c) Жұмыс дөңгелегі бітеліп қалған.	Жұмыс дөңгелегін жуу.
	d) Қате реттеу немесе деңгей релесінің істен шығуы.	Деңгей релесін тексеру.
2. Сорғы жұмыс істейді, бірақ біршама уақыттан кейін электр қозғалтқышының автомат релесі іске қосылады.	a) Қозғалтқыштың автоматы қорғанышының жылу релесінің төмен орнатылымы.	Релені сорғының фирмалық тақташасындағы техникалық деректерге сәйкес реттеу.
	b) Кернеудің едәуір төмендеуінен токтың артық тұтылымы.	Электр қозғалтқышының фазаларының арасындағы кернеуді өлшеу. Рұқсат етілім: $\pm 10\%$.
	c) Жұмыс дөңгелегі бітеліп қалған. Барлық үш фазада да ток тұтынылымының арттырылуы.	Жұмыс дөңгелегін жуу.
3. Сорғы нашар сипаттамаларымен және тұтынылатын қуатымен жұмыс істейді.	a) Жұмыс дөңгелегі бітеліп қалған.	Промыть рабочее колесо.
	b) Айналымның қате бағыты.	Айналымның бағытын тексеру, қажеттілігіне қарай электр қозғалтқышының екі фазасының қосылымының орнын алмастыру. <i>10.1 Электр қозғалтқышының айналым бағыты</i> тарауын қар.
4. Сорғы жұмыс істейді, алайда су бермейді.	a) Қысымды құбыр жетегінің ысырмасы бітелген немесе блокталған.	Ысырманы тексеру және ашу немесе тазалау қажет.
	b) Кері клапан блокталған.	Кері клапанды жуу.
	c) Сорғыда ауа болуы.	Сорғыдан ауаны шығару.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. Жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. Пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Жарамдылық мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S Концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақташасында көрсетілген.

Дайындаушымен өкілетті тұлға/Импортушы**:

«Грундфос Истра» ЖАҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй

** Импортық жабдыққа қатысты көрсетілген.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Информация о подтверждении соответствия

**RU**

Насосы APG сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).
Сертификат соответствия:
№ ТС RU С-DK.АИ30.В.01357 срок действия до 18.02.2020 г.

Истра, 19 февраля 2015 г.

KZ

APG сорғылары Кедендік одақтың «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.
Сәйкестік сертификаты:
№ ТС RU С-DK.АИ30.В.01357 жарамдылық мерзімі 18.02.2020 жылға дейін.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Қыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98860792 0315
ECM: 1154310